

К. О. ЕСЕНОВА

## ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕГІ СҮРАУЛЫ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Публицистикалық шығармаларда өнімді қолданылып, аса маңызды стильдік қызмет атқаралын синтаксистік құрылымдардың бірі – сұраулы сөйлемдер. Олар айтылар ойды, хабарды ұтымды, мәнерлі жеткізудің тәсілі ретінде кеңінен қолданылады. Фалым О.Бүркіт публицистикалық шығармалардағы сұраулы конструкцияларға жан-жақты талдау жасау арқылы оның (сұраулы сөйлемдердің) мынаңай мағыналарды білдіру үшін жұмсалатындығын көрсетеді: «1. Сұрау мағынасы немесе тұра мағына: *Сергелдең себебі неде?* 2. Хабарлау мағынасы: *Кенши үшін бұдан асқан құрмет бар ма? – Эрине жоқ.* 3. Сұрақ жауапқа бағытталып осы арқылы мәтінді жан-жақты кеңейту, дамыту. Бұл қазіргі публицистикалық шығармаларда жиі қолданылатын өнімді тәсіл болып есептеледі: *Студенттік жылдар не үйретті? Асыл уақыттың қадірін кезінде дұрыс бағалай алдық па? деген сауалдар күні ертең жоғары білімді әрбір маманды ойландыратын сөзсіз. Олар бүгінгі студенттерді толғандырмай қоймайды...* 4. Сұрақ формасы арқылы окушы мен автор арасын байланыстыру... [1, 24]. Сонымен қатар зерттеуші сұраулы сөйлемдердің үш түрлі берілу формаларын көрсетеді: а) сұрақ-жауап арқылы; ә) хабарлау-сұрақ-жауап арқылы; б) хабарлау-сұрақ арқылы баяндау.

Публицистикалық шығармаларда сұраулы сөйлемдер жиі кездеседі. Сұраулы сөйлемдердің тілдік табиғатын ашып, анықтауға арналған ғылыми зерттеулер біршама көп. Әдетте, сұраулы сөйлемдер «логикалық мазмұнын, логикалық мазмұнына сай форма қалыптастыруын ескергенде, 4 топқа бөлінеді. Олар: ашық сұрақты білдіретін сөйлемдер, альтернативті сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер, риторикалық мазмұндағы сұраулы сөйлемдер, түрткі сұрақты білдіретін сөйлемдер».

Сұраулы сөйлем арқылы адресанттың әртүрлі ішкі мақсаты: құптату, мойыннату, хабарлау сияқты түрлері жүзеге асады. Осыған байланысты К.А.Рогова: «Бұл жерде сұраулы сөйлемдер эмоционалдық өсер ету (көніл күйге) тәсілі (құрамы) ретінде жұмсалады. Сұрақ-жауап конструкциялардың 1-бөлімі көбінесе бірнеше сұраулы сөйлемдерден тұратын болып келеді, олар өзара (деталдау) бірін-бірі толықтырулар (бір ойды та-

рату, кеңейту) қатынасында болады. Риторикалық мәнерліліктің бұл тәсілі бір мәселеге оқырман назарын аудару үшін қолданылады» дейді [2, 133].

Көбінесе публицистикалық шығармаларда сұрақ койылғанымен, оларға тікелей жауап берілмейді. Аудиторияға бағытталған сұрақ жауапсыз ашық күйінде қалады. Адресант сұраулы сөйлемді әртүрлі мақсатта қолдануы мүмкін. Оның түпкі мақсатын сұраулы сөйлемнің құрылымы арқылы және тұтас мәтін мақсатымен анықтауға болады. Сөйлеуші өз мақсатын жасырын беруі үшін сұраулы сөйлем құрылымын тандауы прагматикалық қажеттілікпен байланысты. Ол тындаушыға өсер етуді ғана көзdemейді. Өзінің мақсатын, ішкі ниетін толық жеткізуі, тындаушымен сыпайы қарым-қатынасты сактауды мақсат етеді. Сыпайылық этикеттің сактаумен байланысты қолданылатын сұраулы сөйлемдер конверцияланып, адамдар арасында салт-дәстүр, ережелерді сактаудың тілдік көрінісі ретінде қалыптасқан. Ал сөйлеушінің ішкі сезімімен байланысты эмоционалды, экспрессивті мәндегі тұрақты шегендеуішті сөйлемдер сөйлеуші позициясын айқындаپ, қарсылық білдірудің әртүрлі мақсатын жеткізеді [3, 136].

Газет мәтінінде дәйектеу мен логикалық дәлелдемелердің жасырын берілетін түрлері лексика-синтаксистік деңгейде айқын көрініс табады. Ол түрлер индивидтің (адресанттың) эмоциясына, ойлау жүйесіне және пайымдауына белгілі бір дәрежеде өсер етеді.

Дәйектеудің түрлері мәтін астарлылығының жасырын жүйесі болып танылады. Ол жүйенің негізгі міндеті реципиент назарын автор (насихаттаушы) үшін қолайлы, соған қажетті бағытқа аудару болып табылады, яғни бұл объективті-әлеуметтік болмыстағы қандай да бір құбылысқа берілетін бағаның сипатына байланысты мәселе (бағыт).

Газет мәтінінде кеңінен қолданылатын негізгі тілдік тәсілдердің (құралдардың) бірі бөгде сөз қатысымен жасалған синтаксистік конструкциялар. Іс жүзінде әрбір акпараттың хабарламада коммуникатор (автор) не ірі саяси қайраткерлердің беделіне немесе қандай да бір акпараттық дәреккөзге сүйену арқылы өз пікірін дәйектейді.

Дәйектеудің бұл тәсілі дәйексөз алынған дереккөздің беделі, қоғамдағы орны, салмағы арқылы аудиторияны осы мәтінде сөз болған қандай да бір оқиға-құбылыска берілген бағамен (яғни автордың көзкарасымен) итермелейді, түрткі болады, яғни қабылдаушыны сендіру, иландыру қызметін атқарады. Автор сөзіне өзге бір адамның немесе ақпарат көзінен алынған сөздің косыла қолданылуына негізделген мұндай конструкциялар ол ойдың оқырманға дәл және анағұрлым шынайы сипатта, түпнұсқада жеткізу тәсілі ретінде қызмет етеді.

Реципиентке астыртын түрде логикалық-эмоционалдық әсер ету үшін қолданылатын синтаксистік тәсілдердің көнінен тараған бір түрі – **қаралайым сұраулы конструкциялар**. Жаппай ақпараттандыру процестерінде жиі пайдаланыла отырып олар мәселені қою проблемасы арқылы дәйектеуді жүзеге асырады. Хабарланып отырған ақпаратты қалың қөвшіліктің бәрі бірдей дұрыс қабылдай қоймауы ықтимал екендігін алдын ала болжайтын автор оны сұрап түрінде береді. Сонда ол сұракка берілетін жауап **акпараттық хабарламаға автор тарағынан берілген бағаны** (пікірді) дәйектеу тәсілі болып шығады. Осылайша аудиторияда туындауы мүмкін барлық күмән жойылады, ал оқырман баяндалып отырған ақпаратты толығымен дәлелді, шынайы деп қабылдайды.

**I. Газет беттерінен жиналған мысалдарды сұрыптай келе проблеманы сұрап қою арқылы көтеру тәсілімен жасалған конструкцияларды ойтұрткі құрылымдар** деп атауды жөн көрдік. Бұл топқа жататын конструкцияларға екі немесе бірнеше сұрактың қабаттаса қойылуы тән. Бұл арқылы адресант өзі қозғағалы отырған мәселенің негізгі деп таныған қырларына оқырман назарын аудару үшін ашық түріндегі сұрактарды колданады. Мысалы:

*Қазіргі таңда оралмандардың мәселесі қаншалықты шешіліп жатыр? Жыл сайынғы балінетін 11 миллиард теңгенің орындалуы қалай? Мәжілістің кешегі откен жалпы отырысында депутаттар осы мәселелерді қызу талқыга салды* (Егемен Қазақстан, 13.01.06).

*Балаларымызды не үшін сынақтан откізіп, «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелге жіберіп жатырмыз? Сол балаларға қойған талапты неге біз өзімізге қоймаймыз? Алдымен «өзім мемлекеттік тілді білемін бе?», «мемлекеттік тілді дамытуға қандай үлес қосып жатырмын?» деп өзімізден сұрауымыз керек* (Жас Алаш, 17.01.06).

*Бұл да – шындық. Бірақ ана тілінің атқаратын қызметі тек солғана ма? Тілдің коммуника-*

*тивтік қызметтерінен басқа ерекше атаяға тұрарлық эстетикалық және күммұлятивтік қызметтері тағы бар емес не?* (Егемен Қазақстан, 13.01.06).

*Осыны қазіргі жастар біле ме, Тоқтар Әубекіровты үлгі өнеге тұта ма? Осы батырларымыздың потенциасын қалай пайдаланып жатырмыз, ерлігін жастарға үлгі ете алдық па? Жоқ әлде батырларды өлгеннен соң гана құрмет тұтуымыз керек не?* (Жас Алаш, 17.01.06).

*Біз осы қайда барамыз? Жаратқан осы жандарға екінші рет ана болуга мүмкіндік бере ме? Кім білсін... таразы жогарыдағой!* (Алматы ақшамы, 31 желтоқсан, 2005).

Осы мысалдағы *таразы жогарыдағой* деген сөйлем ойды имплицитті түрде жеткізіп тұр. Публицистикалық мәтінде кейде екі түрлі ақпарат кодқа салынады: бірі – мазмұндық ақпарат болса, екінші – эстетикалық ақпарат. Мәтіндегі тілдік таңбалар жүйесі өзінің эксплицитті мағынасында жұмысалып тұрады. Ал эстетикалық кодты ашу құрделі болып келеді, өйткені имплицитті мағына мәтінде арнайы таңбалармен берілмейді, ол адресаттың өз еншісіне қалады. Жоғарыдағы мысалдағы *таразы жогарыдағой* деген тіркес күдіретті **Алла өзі жазалайды, Алланың алдында жауап береді** деген жасырын ойды мензейді.

Жоғарыда келтірілген мысалдардағы бірінші сөйлемде коммуникатор мәтін барысында бірнеше сұрактан тұратын конструкцияларға акцент жасау арқылы аудиторияның назарын негізгі ақпаратқа аударады. Ол (сұрақтар) адресант пен адресат арасын байланыстыруши функциясын атқарады әрі реципиенттің ойлауына түрткі болады. Сөйтіп коммуникатор мен аудитория арасында тығыз байланыс орнайды. Ал сонғы сөйлемде автор ритмикалық – қайталанбалы (түрткі) сұрақтар қою арқылы оқиғаны дамыту функциясын алға тартқан.

**II. Иландыру, сендіру мақсатындағы сұраулы құрылымдар.**

Мұнда көбінесе автор оқырманды хабарлана-тын фактіге, оқиғаға қатысты өз пікірімен келістіру үшін, яғни ақиқат болыстағы дерекке (фактіге) өз тарағынан берілетін бағанын дұрыстырына, орындалғанына шұбә келтірмейтіндей етіп сендіру үшін көптеген мәселелерді бірінен кейін бірін бірнеше сұрап қою арқылы (шұбыртпалы сұрап) қозғайды да, өзі сол сұрақтардың жауабын нанымды, сенімді етіп береді. Мұндайда өсіресе сөйлемдердің біркелкі не сұраулық демеулігі арқылы (-ма, -ме, -ба, -бе) не емес не? формасымен немесе кәдімгі сұраулы есімдіктер

арқылы (қалай қалай; не үшін не үшін; неліктен неліктен), яғни қайталаңбалы формада болуының мәні зор. Бұл – өсіреке оқырман санасында бір сұрақтың бірнеше рет жанғыртылып отыруы арқылы орнығын көздегендеге қолданылатын тәсіл. Мысалы:

*Осы жылдар ішінде елімізде тыныштық, татулық, ұлтаралық, дінаралық келісім орнап отырғаны рас па? Рас. Біздің жан басына шаққандагы жалпы ішкі өнім көлемі бойынша тәуелсіздік жолына өзімізбен қатар түскен елдердің бәрінің алдында келе жатқанымыз рас па? Рас. Оны айтасыз, даму қарқыны жөнінен мұндайлық жогары көрсеткіштерді әлемде тек Қытай мен Қазақстан танытып отыр деген баганы басқа біреу емес, атақты академик Аганбегянның өзі бергені рас па? Рас. Гасырлар бойы шешілмей келген шегара мәселеінің осы 14 жылдың ішінде біржола, түпкілікті шешілгені рас па? Рас. Калада да, дала да құрылыш қарқын алғаны, Астана, Алматыға қарап аудан орталықтары түрлене түскені рас па? Рас. Бұрын төсемеген жолдардың төселин, бұрын салынбаган көпірлердің салынып жатқаны рас па? Рас. Ең бастысы халықтың ертеңгі күнге сенімінің ең негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде елде демографиялық серпіліс сезілетіні, бала туудың көбейгені рас па? Рас. Экономикалық бәсекеге қабілеттілігі көрсеткіші бойынша Қазақстанның әлемдегі 61-ші орынга шыққаны, сөйтін бұл жөнінен де ТМД-дагы елдердің бәрін артта қалдырганы рас па? Рас. Осындай «растарды» жалгастыра беруге болады (Егемен Қазақстан, 13.01.06).*

Бұл мысалдардан байқағанымыз: адресант сұраулы сөйлемде бір хабарды сұрап білуден гөрі, хабарды, ойды жеткізудің бір құралы ретінде пайдаланған. Айтайын деген ойды жай хабар түрінде беруге де болады. Бірақ сұрап қою және оған жауап беру – ойдың сатылы дамуындағы бір баспалдақ, жана ойды берудің ұтымды тәсілі, ал бұл ұтымды тәсіл реципиент көнілін аударудан туындаиды. Мұндай сұраулы конструкциялар мәтіндең көтерілетін мәселенің қофамдық маңызымен, соған сөйкес қойылатын максатпен (сендіру, мойыннату) авторлық позициясының ашық берилуімен, қатысым сипатында автордың жетекші өрі өсер етуші қызметімен, оның (адресанттың) екі жақты үнемі өнгімеге тартып отыруымен ерекшеленеді. Бұнда коммуникатор жеке сипатта болса, реципиент жалпы сипатқа ие.

### III. Күмән тудыру мақсатындағы сұраулы құрылымдар.

Қофамда болып жатқан өр түрлі оқиғаларға қатысты тұжырым жасауға, ой қорытуға дәлелі

жеткіліксіз, көзі анық жетпейтін жағдайларда автор фактіні ашық хабарлайды да, оған қатысты баға беруді, тұжырым жасауды оқырманның еншісіне қалдырады. Алайда сол мәселеге қатысты өз ойында туындаған сұрақтарын коса беріп отырады, яғни бұл жерде оқырманға тікелей емес, жанама өсер етеді. Мысалы:

*Ертең мұнайдың багасы түсін кетсе не болмақ? Оған ешкім кепілдік бере алмайды (Жас Алаш, 17.01.06).*

*Ресей Украина секілді туыс, мықты мемлекетпен осылай ойнап отыrsa, ертең бізге дәл осылай тісін батырмасына кім кепіл бола алады? (Жас Алаш, 17.01.06).*

*Мәселен, өзбекстандық агент неліктен Ресей басылымдарына бармаган? Өзбекстанда ондай мүмкіндік жоқ дейік, бірақ Қазақстанга келген ол осында тіркелген батыстық, шетелдік тілшілерге жол таба алмап па? Әлде, Ислам ақаның аяғынан шалғызуға қазақ көршілерін қолайлы санағаны ма?*

*АҚШ-қа, батыс елдеріне жақпаган диктатордың жағасына жармастыру арқылы бедел бәсекесі байқалатын қазақстандық әріптесі өз үпайын түгендеп алсын дегені ме? «Мегаполисте» жарияланған үрей тұгызарлық жайттардың Қазақстанда орын алуы мүмкін бе? Халықты осылайша қорқытып қоялық дейтіндердің арамза мақсаты ма әлде бұл? (Жас Алаш, 17.01.06).*

### IV. Акпаратты нақтылау мақсатындағы сұраулы конструкциялар.

Дұрыстығы дау тудырмайтын, қандай да бір саяси астары байқалмайтын ашық фактілерге байланысты мәселелер сөз болғанда автор оқырманға жанама түрде өсер ету үшін нақтылау мәнді сұрауларды қояды. Мысалы:

*Ал тіліміз үшін бүгінгі күрес демократия, егемендік, сөз бостандығы жағдайында отіп жатыр емес не? (Егеменді Қазақстан, 13.01.06).*

*Жергілікті жерлерден шындық пен әділет таппаган адамдар «Жас Алашқа» бармаганда, қайда барады? (Жас Алаш, 26.01.06).*

*Тіл қасіретіне үшіраган халықтың мұң-зары одан кейін тоқтап па еді? Жоқ, ешбір тоқтаган емес. Ал қогамда бізге дейін де тіліміз үшін талай күрес болған жоқ па еді? Халқымыздың саналы азаматтары (А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедұлы, Ә.Бекейханов т.б.) заманарайына қарай қазақ тілінің тағдыры үшін күресін ешқашан тоқтатқан емес еді гой (Егеменді Қазақстан, 13.01.06).*

Соңғы мысалда сұраулы конструкциялардың қайталаңбалы, ритмикалық формасы ондағы ойды біртіндеп дамуына, өрби түсуіне өсер етіп тұр.

## V. Эмоционалды-экспрессивтік сипаттағы сұраулы құрылымдар.

Қоғамда орын алған қандай да бір айрықша оқиғаға, сенсациялық жағдайларға баса назар аударту үшін, қалың көпшілікке ерекше өсер ету үшін автор арнағы эмоционалды экспрессивтік мәндегі бірліктерді қолдануы мүмкін. Мысалы:

*Бұл сұмдық қой! Мұндаид жағдай қандай елде бар? Тек бізде гана!* (Жас Алаш, 17.01.06).

*Мемлекетті терроршылардан қорғап жүргендей сезінген камера агенттері ондайда аянып қалсын ба? Бұрынғыдан да белсene кірісетіндей* (Жас Алаш, 17.01.06).

*Міне... қызықтың қекесін қараңыз. Судың да сұрауы бар емес не? Оның қасында адам баласының сұрауы мен обалы кімнің мойнында?...* (Алматы акшамы. №25, 24 маусым, 2005).

*Құдай сәтін келтірсе, бәрі қолдагы шаруа көрінеді гой, дәл сол тұста осы ауруханага корей үлтynың 16 жастагы үлбіреген жап-жас бойжеткені Зина да түсे қалса болар ма?!* (Егемен Қазакстан. 13.01.06).

Келтірілген мысалдардан сұмдық, қызықтың қекесі сияқты сөздердің семантикалық аясы өте кең. Мұның таза қазакы менталитетке тән қолданыстар екендігі де көпшілік қауымға айрықша өсер ету үшін, яғни елді елең еткізу үшін қолданылып тұрғаны сөзсіз. Қазақ тілі – анам тілі деп санайтын және күнделікті коммуникацияда бірінші тіл есебінде қолданатын реципиенттер санасында бұл сөздерді алғаш естігенде немесе оқығанда «акылға сыймайтын», «елден ерекше», «кіңі шошынатында», «жан түршігерлік» т.б. сияқты ассоциациялар туындаиды. Ал екінші қолданыс (қызықтың қекесі) еріксіз құырдақтың қекесін түье соғанда көресің деген фразеологиянді еске түсреді, яғни бұл сөзден кейінгі хабарланатын ойдың тым сорақы екендігін қоғамда бірыңғай, он пікір туындаға қоймайтындығын байқатады, тілдік санасында аталмыш фразеологиям коршауында (шенберінде) орнықкан өзіндік бейнесі бар көке сөзі, яғни бір нәрсенің шегі, мәресі, жеткен жері, шектен шығуы сияқты үстеме мәнге ие лексикалық бірлік реципиенттің

ақпаратқа деген қызығушылығын арттыра түсітін сөзсіз. Әрине, әрі қарай баяндалатын мәселе оқырман күткендей «сұмдық» болмауы да мүмкін. Бірақ мұның өзі автордың реципиенттің қабылдауына ерекше өсер ету үшін ұтымды деп тапқан тәсілі.

Публицистикалық шығарма бұқара санасына өсер етуге бағытталып отырылады. Бұл процесте адресант фактілерді тек жалан баяндалап қана қоймай (бұл – объективті жағы), оның қоғамдық маңызымен оған өзінің адамгершілік көзқарасын да қосып береді (бұл – субъективті жағы). Осы қызметті сұраулы конструкциялар аткарады.

## VI. Арасынан түпнұсқа құрылымдар.

Бұл сұраулы конструкция жоғарыда аталған типтердің екеуін немесе бірнешеуін біріктіре отырып өр алуан қызмет атқаруы мүмкін. Мысалы:

*Біз білгенді жоғарыдағылар сезбейді деймісіз?* (Жас Алаш. 17.01.06).

Бұл мысалдағы сұраулы конструкциялардың ойтұртқі және күмән тудыру мақсатында (екі типтің) арасынан қолданылуы адресант мақсатынан туындаған.

Газет мәтініне синтаксистік талдау жасау арқылы сұраулы конструкциялар қолданысының мынадай бірнеше түрін бөліп көрсетуге болады:

1. Ойтұртқі сұрақ.
2. Иландыру, сендеру сипатындағы сұрақ.
3. Күмән тудырушы сұрақ.
4. Нактылаушы сұрақ.
5. Эмоционалды-экспрессивтік сипаттағы сұрақ.
6. Арасынан түпнұсқа құрылым.

Бұл макалада адресант интенциясын білдіруші тәсілдердің ішінен сұраулы конструкцияларға тоқталдық. Олардың қолданылу мақсатына қарай типтерге бөлдік.

## ӘДЕБІЕТ

1. Бұркітов О. Публицистика тілінің сипаты туралы // КазССР ФА Хабаршысы. Филология сериясы. 1986. №3.
2. Рогова К. О лексическом повторе в публицистической речи // Проблемы функционирования языка его разновидностях. Пермь, 1981. С. 128-135.
3. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің pragmalingвистикалық аспектісі. Алматы, 2001.